

«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ»
Талапкер 2024 ж.

✓ **БАКАЛАВРИАТ**

Кафедра атауы	Білім беру бағдарламасының атауы	Топ	Мектептен н/е колледжден кейін қабылдау	Даярлық топ	Шектік балл
«Операторлық өнер, дыбыс режиссурасы және арт-менеджмент»	6B02106 - «Арт-менеджмент»	Қазақ Орыс Ағылшын	Музыкалық және/немесе музыкалық педагогикалық колледж	Бар	75 грант және ақылы

• **6B02106-«АРТ-МЕНЕДЖМЕНТ»БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН ТАЛАПТАРЫ:**

Өтініш берушінің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

- Жалпы орта және зияткерлік білімі жоғары болуы тиіс;
- Шығармашылық және кәсіпкерлік ойлай алуы тиіс;
- Ұйымдастырушылық, басқарушылық қасиеттері болуы тиіс;
- Өнер саласынан (ән айту,би билеу, түрлі музыкалық аспаптарда ойнай білу) т.с.с хабары болуы тиіс;
- Музыка, бейнелеу өнері, әдебиет, театр, кино салаларында жақсы білімге ие болу;
- Креативті ойлай білуі тиіс;
- Компьютерді, түрлі гаджеттерді еркін қолдана білуі тиіс;

Мамандандырылу бойынша емтихан талабы:

- Талапкерлердің орта (толық) жалпы білім немесе жоғары білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаты (диплом, аттестат) болуы тиіс.
- Кәсіби орта білімі өнер саласы бойынша;
- Бастауыш немесе орта арнаулы музыкалық білімі бар адамдар оқуға түсу кезінде артықшылыққа ие.

БІРІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН

Арт-жобаның презентациясы:

- Арт индустрия саласында еркін тақырыпта арт-жоба әзірлеу;
- Power Point ,PDF форматында презентация (10-15 слайд) әзірлеу, комиссия алдында проектор арқылы қорғалады
- бірінші (титулдық) слайдта келесі ақпарат болуы керек: автордың Т.А.Ә., жобаның тақырыбы, қала, жыл;
- Презентацияда мәтінді орфографиялау, пунктуациялау, қысқарту және ресімдеудің қабылданған Ережелері
- (тақырыптарда нүктенің болмауы және т. б.);
- Барлық слайдтар бір стильде жасалуы керек;

Арт-жобаны ұйымдастыру бойынша реферат ұсынады, рефератқа қойылатын талаптар төмендегідей:

- Рефератта арт-жобаның жазбаша сипаттамасы ұсынылады, көлемі - 15-25 бет;
- Жобаның құрылымы (өзектілігі, тұжырымдамасы, мақсаты мен міндеттері т.с.с) арт-жобаның орындалу стандарттарына сәйкес болуы тиіс;
- Жобаға қойылатын талаптар: сауатты ауызша және жазбаша сөйлеу, өнер және креативті индустрия саласындағы жоба, жобаның өзіндік ерекшелігі, өзектілігі, қоғамда маңыздылығы болуы тиіс;
- Дайын жоба қабылдау комиссиясына құжаттарды тапсырған кезде тапсырылуы тиіс;
- Қабылдау комиссиясы көрсеткен мерзімнен кейін берілген жұмыстар қаралмайды;
- жоба талапкерлердің бизнес - жоспарлармен, жобалық көздермен жұмыс істеу қабілеттерін көрсетуі және шығармашылық іс-шараларды жобалау бойынша автордың көзқарасын ұсынуы керек;

Шығармашылық емтиханның бағалау критерийлері:

Бағалаудың балдық көрсеткіші <i>I</i> шығармашылық емтихан,	Бағалау критерийлері <i>I</i> шығармашылық емтихан, арт-жоба қорғау	Бағалаудың балдық көрсеткіші <i>II</i> шығармашылық емтихан	Бағалау критерийлері <i>II</i> шығармашылық емтихан, сұхбаттасу, коллоквиум
45-50	Талапкердің таңдап алынған жоба тақырыбы қазіргі таңда өте өзекті мәселелердің бірі, қоғамдық маңызы бар. Автор жобаны толық талап етілген стандарттарға сай орындаған. Зерттеу тақырыбы таңдалған мамандыққа сәйкес келеді, жобада бірегейлік пен жаңашылдық бар. Жоба идеясы өнер, арт-менеджмент саласындағы заманауи тенденцияларға сәйкес келеді. Жоба нақты, жобаның мақсаттары қол жетімді және өлшенеді. Жоба жобалық өтінім нысанында рәсімделген. Өтінім құрылымында барлық қажетті бөлімдер бар. Жоба Microsoft Power Point немесе PDF форматында слайдтармен бірге істелінді. Презентация техникасы сақталған: қаріп өлшемі, фон мен қаріптің түс қатынасы және т.б. слайдтардың дизайны бір стильде жасалған. Талапкердің сауатты сөйлеуі, бай сөздік қоры, дәлелдеу дағдылары, өз көзқарасын қорғай білу қабілеті бар. Талапкер ерекше ойлауды, айқын әлеуметтік және кәсіпкерлік бағытты, ұйымдастырушылық қабілеттерін, дүниетанымдық мәселелер бойынша өзіндік ұстанымын, әлем бейнесі туралы көзқарасын еркін әрі нақты айта біледі. Жалпы айтқанда жобаны орындау бойынша талапкер өте жақсы деген бағаға лайық.	45-50	Талапкер өзіне қойылған сұрақтар бойынша толықтай, әрі өте сауатты жауап бере алды. Әрбір сұраққа мысалдар келтірілді. Осы сұрақтар бойынша ғалымдар мен мамандардың түрлі қанатты сөздері, және қызықты фактілер мысалға келтірілді. Барлығына ауқымды және фактілерге негізделген жауаптар берілді. Жауапты нақты мысалдармен байланыстыра алу, өздігінен талдау жасай алу және қорытынды шығара білу. Алдыңғы игерген базалық білімдері негізінде пәнаралық және ішкі байланыстарды орната білді. Сонымен қатар талапкер мәдениет, экономикалық, саяси мәселелер, маркетинг пен менеджмент салалары бойынша білімінің жан-жақты екенін байқата білді. Талапкер эрудицияның, интеллект пен мәдениеттің жоғары деңгейін, мәселеге деген көзқарастың өзіндік ерекшелігін және оны ашудың толықтығын көрсетеді, ол қызықты фактілерді, дәйексөздерді, пікірлерді келтіреді, сондай-ақ өнер мәселелерінде кең білімді көрсетеді. Талапкер қосымша сұрақтарға оңай жауап берді, оның жауаптары сенімді және нақты.
40-44	Талапкердің таңдап алынған жоба тақырыбы қазіргі таңда өте өзекті мәселелердің бірі, қоғамдық маңызы бар. Автор жобаны толық талап етілген стандарттарға сай орындаған. Зерттеу тақырыбы таңдалған мамандыққа сәйкес келеді, жобада бірегейлік пен жаңашылдық бар. Жоба идеясы өнер және арт-менеджмент саласындағы заманауи тенденцияларға сәйкес келеді. Жоба нақты, жобаның мақсаттары қол жетімді және өлшенеді. Жоба	40-44	Талапкердің жауабы-арнайы терминологияны қолдана отырып, әдеби тілде жазылған егжей-тегжейлі жауап. Жауаптың ішкі логикасы байқалады, жауаптың құрылымы айқын. Талапкер эрудицияның, интеллект пен мәдениеттің жоғары деңгейін, тақырыпқа деген көзқарастың өзіндік ерекшелігін және оны ашудың толықтығын көрсетеді, қызықты фактілерді, дәйексөздерді,

	<p>Жобалық өтінім нысанында рәсімделген. Өтінім құрылымында барлық қажетті бөлімдер бар. Жоба Microsoft Power Point немесе PDF форматында слайдтармен бірге көрсетілген. Презентация техникасы сақталған: қаріп өлшемі, фон мен қаріптің түс қатынасы және т.б. слайдтардың дизайны бір стильде жасалған. Талапкердің сауатты сөйлеуі, бай сөздік қоры, дәлелдеу дағдылары, өз көзқарасын қорғай білу қабілеті бар. Талапкер ерекше ойлауды, айқын әлеуметтік және кәсіпкерлік бағытты, ұйымдастырушылық қабілеттерін, дүниетанымдық мәселелер бойынша өзіндік ұстанымын, әлем бейнесі туралы көзқарасын еркін әрі нақты айта біледі. Жобаның жазбаша дизайнында немесе слайдшоуда жұмыстың жалпы жоғары сапасына әсер етпейтін шамалы техникалық қателер бар.</p>		<p>пікірлерді келтіреді, сондай-ақ өнер мәселелерінде кең білімді көрсетеді. Талапкер қосымша сұрақтарға оңай жауап берді, оның сөзі сенімді және мағыналы болды. Сонымен қатар талапкер мәдениет, экономикалық, саяси мәселелер, маркетинг пен менеджмент салалары бойынша білімінің жан-жақты екенін байқата білді.</p>
35-39	<p>Талапкердің таңдап алынған жоба тақырыбы қазіргі таңда өте өзекті мәселелердің бірі, қоғамдық маңызы бар. Автор жобаны толық талап етілген стандарттарға сай орындаған. Зерттеу тақырыбы таңдалған мамандыққа сәйкес келеді, жобада бірегейлік пен жаңашылдық бар. Жоба идеясы өнер және арт-менеджмент саласындағы заманауи тенденцияларға сәйкес келеді. Жоба нақты, жобаның мақсаттары қол жетімді. Жоба жобалық өтінім нысанында рәсімделген. Өтінім құрылымында барлық қажетті бөлімдер бар. Жобаның тұсаукесері Microsoft Power Point немесе PDF форматында слайдтармен бірге көрсетілген. Презентация техникасы сақталған: қаріп өлшемі, фон мен қаріптің түс қатынасы және т.б. слайдтардың дизайны бір стильде жасалған. Талапкердің сауатты сөйлеуі, бай сөздік қоры, дәлелдеу дағдылары, өз көзқарасын қорғай білу қабілеті бар. Жобаның жазбаша дизайнында жұмыстың жалпы жоғары сапасына әсер етпейтін техникалық қателіктер бар. Жобаны қорғау процесінде сенімсіздік пен өзін-өзі бақылаудың жеткіліксіздігі көрінеді. Дәлелдеу және сендіру дағдылары жеткіліксіз дамыған.</p>	35-39	<p>Талапкердің жауабы-арнайы терминологияны қолдана отырып, әдеби тілде жазылған жауап. Жауаптың ішкі логикасы байқалады, жауаптың құрылымы айқын. Талапкер эрудицияның, интеллект пен мәдениеттің жақсы деңгейін, тақырыпқа деген көзқарастың өзіндік ерекшелігін және оны ашудың толықтығын көрсетеді, қызықты фактілерді, дәйексөздерді, пікірлерді келтіреді, сондай-ақ өнер мәселелерінде жақсы білімді көрсетеді. Талапкер қосымша сұрақтарға жауап берді. Талапкер қойылған коллоквиум сұрақтарына сенімсіз, нақты фактілерге сүйенбей жауаптар береді. Экономикалық, саяси, маркетинг, менеджмент салаларынан жалпы мәдениет, өнерге қатысты білімі орташа деңгейде. Талапкер оған қойылған қосымша сұрақтарға логикалық тұрғыда ғана жауап бере алады. Нақты мысалдар мен фактілер келтіре алмайды.</p>

30-34	Талапкердің таңдап алынған жоба тақырыбы қазіргі таңда өте өзекті мәселелердің бірі, қоғамдық маңызы бар. Автор жобаны толық талап етілген стандарттарға сай орындаған. Зерттеу тақырыбы таңдалған мамандыққа сәйкес келеді, жобада бірегейлік пен жаңашылдық бар. Жоба идеясы өнер, арт-менеджмент және өндіріс саласындағы заманауи тенденцияларға сәйкес келеді. Талапкердің сауатты сөйлеуі, жеткілікті сөздік қоры бар, бірақ дәлелдеу дағдылары жеткіліксіз дамыған. Талапкер жобалық ойлаудың бейімділігін көрсетеді. Жауапта таңдалған мамандыққа деген мотивация сезіледі, алайда оның мазмұны туралы түсінік жеткіліксіз қалыптасқан. Жобаның жазбаша дизайнында немесе слайд-шоуда жұмыстың жалпы жақсы сапасына әсер етпейтін техникалық қателер бар. Жобаны қорғау процесінде сенімсіздік пен өзін-өзі бақылау көрінеді.	30-34	Сұрақтарға орташа деңгейде жауап береді, жауабында логикалық, жүйелі бірізділік бар. Баяндау кезінде кейбір жіберген қателерін оқытушының сұрақтарына жауап беру арқылы өз жауабын түзей алады. Талапкердің жауабы-арнайы терминологияны қолдана отырып, тілде баяндалған әңгіме. Жауаптың ішкі логикасы байқалады, жауаптың құрылымы айқын. Талапкер эрудицияның, интеллект пен мәдениеттің жақсы деңгейін, тақырыпқа деген көзқарастың өзіндік ерекшелігін және оны ашудың толықтығын көрсетеді, қызықты фактілерді, дәйексөздерді, пікірлерді келтіреді, сондай-ақ өнер мәселелерінде жақсы білімді көрсетеді. Талапкер қосымша сұрақтарға жауап берді.
25-29	Жоба салалары таңдалған мамандыққа сәйкес келеді, бірақ жоба идеясы түпнұсқа емес, Өнер және арт-менеджмент саласындағы заманауи тенденцияларға толық сәйкес келмейді. Жоба шынайы, жобаның мақсаттарына қол жеткізуге болады. Жоба жобалық өтінім нысанында ресімделген. Өтінім құрылымында қажетті бөлімдер жоқ. Жоба MS Power Point немесе PDF бағдарламаларындағы слайдтармен бірге көрсетілген. Презентация техникасында қателіктер бар. Талапкер ауызша жауабында қателіктер жібереді, сөздік қоры жеткіліксіз және дәлелдеу дағдылары жеткіліксіз дамыған. Жауапта таңдалған мамандыққа деген мотивация сезіледі, алайда оның мазмұны туралы түсінік жеткіліксіз қалыптасқан. Жобаның жазбаша дизайнында жұмыс сапасына әсер ететін қателер бар. Жобаны қорғау процесінде сенімсіздік пен өзін-өзі ұстамау пайда болады.	25-29	Талапкердің жауабы-арнайы терминологияны қолдана отырып, әдеби тілде жазылған әңгіме. Жауаптың ішкі логикасы байқалады, жауаптың құрылымы айқын. Талапкер эрудицияның, интеллект пен мәдениеттің жақсы деңгейін, тақырыпқа деген көзқарастың өзіндік ерекшелігін және оны ашудың толықтығын көрсетеді, қызықты фактілерді, дәйексөздерді, пікірлерді келтіреді, сондай-ақ өнер мәселелерінде жақсы білімді көрсетеді. Талапкер қосымша сұрақтарға орташа жауап берді.
20-24	Жоба саласы таңдалған мамандыққа сәйкес келеді, бірақ жоба идеясы түпнұсқа емес, Өнер, арт-менеджмент саласындағы заманауи тенденцияларға сәйкес келмейді. Жоба шындыққа жанаспайды, Жобаның мақсаттары қол	20-24	Жауабы толық, бірақ жүйелі емес. Жауабында тақырыпқа байланысты елеулі ауытқулар бар. Негізгі ұғымдарды, терминдері сенімсіз түрде түсіндіреді. Жалпы білімі қанағаттанарлық деуге

	жетімсіз және өлшеусіз. Жоба Жобалық өтінім нысанында ресімделген. Өтінім құрылымында қажетті бөлімдер жоқ. MS PowerPoint немесе PDF бағдарламаларында слайдтар жоқ. Талапкер ауызша сөйлеуде қателіктер жібереді, сөздік қоры жеткіліксіз және дәлелдеу дағдылары жеткіліксіз дамыған. Жауапта таңдалған мамандыққа деген мотивацияның әлсіздігі, оның мазмұны туралы түсінік жеткіліксіз және болашақ кәсіби қызмет үшін жеткіліксіз. Жобаның жазбаша дизайнында жұмыс сапасына әсер ететін қателер бар. Жобаны қорғау процесінде белгісіздік пайда болады.		болады. Жауаптың ішкі логикасы анық емес. Талапкер эрудицияның, интеллект пен мәдениеттің қанағаттанарлық деңгейін көрсетеді, сонымен қатар өнер мәселелерінде қанағаттанарлық білімді көрсетеді. Талапкер қосымша сұрақтарға жауап бермеді.
15-19	Жоба саласы таңдалған мамандыққа сәйкес келеді, бірақ жоба идеясы түпнұсқа емес, өнер саласындағы заманауи тенденцияларға сәйкес келмейді, Арт-менеджмент, жоба нақты емес, мақсаттар нақты тұжырымдалмаған. Жоба Жобалық өтінім нысанында ресімделген. Өтінім Сапалы орындалған жоқ: қажетті бөлімдер жоқ, ал қолданыстағы бөлімдер Ақпараттық емес. MS PowerPoint немесе PDF бағдарламаларында слайдтар жоқ. Талапкер ауызша сөйлеуде қателіктер жібереді, сөздік қоры жеткіліксіз және дәлелдеу дағдылары дамымаған. Жауапта мамандыққа деген мотивация жоқ, талапкерді таңдау болашақ кәсіби қызмет үшін жеткілікті деп саналмайды.	15-19	Талапкер берілген сұраққа толық жауап бермейді, жауабында негізгі ережелерді ерекшелей алмайды, сұрақтың басты идеялары ашылмайды. Сөздік қорының жеткіліксіздігі, материалды толық меңгермегендігі байқалады.
10-14	Жоба саласы таңдалған мамандыққа сәйкес келмейді. Жоба жобалық өтінім түрінде ресімделген. Өтінім сапасыз орындалды: қажетті бөлімдер жоқ, бар бөлімдер Ақпараттық емес, сыртқы жағынан құжат грамматикалық қателермен абайсызда жасалған. MS PowerPoint немесе PDF бағдарламаларында слайдтар жоқ. Талапкердің сөздік қоры жеткіліксіз, дәлелдеу дағдылары дамымаған. Қорғау кезінде талапкер сенімді де, сенімді де емес, ойды нақты тұжырымдай алмайды. Жауапта мамандыққа деген мотивация жоқ, талапкерді таңдау, болашақ кәсіби қызмет үшін жеткілікті бейімділік жоқ.	10-14	Көптеген маңызды фактілер келтірілмейді, қорытынды жасалмайды; фактілер қарастырылып жатқан мәселеге сәйкес келмейді, олар салыстырып қарастырылмайды; негізгі мәселені көрсете алмау (қате болса да). Көп елеулі қателер бар. Талапкердің жауабында талқыланып жатқан мәселенің іргелі, әрі негізгі мәселелермен байланыс түсінігінің жоқтығы. Талапкер комиссияның ескертуінен кейін ғана жауабын түзете алды.

5-9	Жобалық өтінім мен слайдтар жоқ. Талапкер арт-жобаны ұсынуға және қорғауға дайын емес. Дайындығы өте нашар.	5-9	Талапкердің жауабы-арнайы терминологияны қолданбай әңгіме ретінде өрбіді. Жауаптың ішкі логикасы байқалмайды. Талапкер интеллект пен ойлау қабілеті әлсіздеу, өнер мәселелеріндегі білімінің нашар екенін көрсетеді. Талапкер қосымша сұрақтарға жауап бере алмады.
0-4	Жобалық өтінім мен слайдтар жоқ. Талапкер арт-жобаны ұсынуға және қорғауға толықтай дайын емес. Дайындығы мүлдем жоқ.	0-4	Талапкердің дайындығы мүлдем жоқ. Қойылған сұрақтардың ешқайсысына дұрыс жауап бере алған жоқ.

Шығармашылық емтиханның сұрақтары бойынша: markus-kz@mail.ru

Оқуға түсудің жалпы мәселелері: Kaznui.priem@gmail.com